

## Бұғауланған сана, бұлталақтаған баспасөз

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Журналистика мәселелерін зерттеу институты 2011-2012 жылдары «Алаш көсемсөзінің» он томдығын, өткен және биылғы жылы «Жиырмамыншы жылдар журналистикасының» үш томдығын оқырмандар қолына тигізді. Бұл кезең қазақ журналистикасы тарихының ақтаңдақ беттері еді. Өйткені кеңес өкіметі кезінде алаш көсемсөзшілерінің еңбегі елену былай тұрсын, өздері қуғынға ұшырап, итжеккенге айдалды. Сол сияқты жиырмамыншы жылдар журналистикасына да лайықты бағаның берілетін кезі енді туды.

Ол кездегі қазақ қоғамындағы тарихи-әлеуметтік, мәдени-рухани өзгерістерді қаз-қалпында көз алдыға әкелетін жалғыз құрал – баспасөз екендігі еш дәлелдеуді қажет етпейді. Осы уақытқа дейін ел аузындағы ашаршылыққа, қуғын-сүргінге қатысты алыпқашпа сөз бен аңыздың ақиқатын ашып беретін де – сол заман қайраткерлерінің көсемсөзі. Алаш қайраткерлері мен коммунистер арасына сына қағып, «анау ананы сатқан екен, бәленшені түрмеге жапқызыпты немесе атқызыпты» деген жел сөздердің түп-төркіні, шындығы осы баспасөз беттерінде сайрап жатыр. Бұл мақалаларды көпшілік талқысына салып, қайта жаңғыртудағы мақсатымыз – тарихи әділеттілікке, елі үшін еңіреп өткен ерлеріміздің шынайы бағасының берілуіне жол ашу екендігін осыған дейін де айтқанбыз.

Жиырмамыншы жылдардың екінші жартысы – қазақ еліне кеңес өкіметінің толық орнап, нығаюға бет алған уақыты. «Ұлттық» деген ұғымның «ортаққа» ауыстырылған, «қазақ халқы» деген сөздің – «бай» мен «кедейге» жіктелген кезеңі. Әр мақала сайын іштен жау іздеу, әрбір сөздің астарынан ши шығару үшін жіті үңілу, «тырнақ астынан кір іздеу» сияқты жағымсыз құбылыстарды бірден байқауға болады. Әрине, бұл – қазақ халқының басына кара түнек орнатқан Голощекин саясатының салқыны. Газет басшылығы көп мақаланың соңына «айтыс ретінде» деген сөзді тіркеу арқылы жұртты пікірталасқа, дау-дамайға шақырғандай емеурін танытып отырды деуге негіз бар. Бұл – ұлтшылдар мен коммунистер арасындағы шиеленісті одан сайын ушықтырып, лаулатуға негіз болды. Алаш қайраткерлерінің төңкеріске дейінгі де, кейінгі де сөздері бұра тартылып, жөн сөзі теріске шығарыла берді. Олардың жауап жазып ақталудан басқа амалы қалмады. Бір қызығы, дауласушы жақ та, ақталушы жақ та Лениннің сөздерінен сілтеме келтіреді. Оны қандай мақсатта қолданса да жөн болып шыға келеді.

Осы жылдардағы мақалаларды тақырыптық-мазмұндық жағынан төмендегідей жіктеуге болады:

- ел арасындағы сауатсыздықты жою, бала оқытатын мұғалімдерді көптеп даярлау, мектептер салу. Елді отырықшылық өмірге үйрету үшін жер үлестіріп беру;

- елдің шаруашылығы мен мәдениетін арттыру;

- халықтың саяси сауатын арттыру, үгіт-насихат жұмыстарының жүйелі жүргізілуі үшін баспасөзді күшейту;

- әйел теңдігі, сауаттандыру.

### **Бұл нені көрсетеді?**

Саяси тақырыпқа келер болсақ, «Еңбекшіл қазақ» газетінің №263 санында Т-Б. деген автордың «Оқушыларды сұрыптау» атты мақаласы жарияланған. Онда ол: «Қазақта капиталшы жоқ, жалшы да жоқтың аз алдында. Жалпы жұрт – қара шаруа. Саясат жағынан саңлаусыз бұқараны ұйымдастыру, оның тап сезімін ояту деген оңай жұмыс емес» деген пікірі арқылы өзі аз қазақты «бай», «кедей» деп бөлудің жөнсіздігін меңзейді. Әсіресе, оқу мәселесінде байдың балаларының да шет қалмауы керек екенін айтады. Автордың: «Қазақтың байының баласына оқуға мүлде жол бермеу керек деушілер де бар. Бірақ бұл дұрыс емес. Мұндай пікір «тілдің ұштылығы, намыстың күштілігі» сықылды ақылға ерік бермейтін қызулықтан болған пікір. Біз төңкерістің тап соғысы дәуірін өткізіп, бейбітшілік дәуірге шығып отырмыз. Біздің қазіргі дәуіріміз – іс дәуірі, бейбітшілік саясат қолданатын дәуір. Сондықтан енді «жау жоқта найзамды әпер» орынсыз болады. Біз байдың баласын оқудан тыймаймыз. Тек кедейдің орнына таласпа дейміз. Баласын өз күшімен оқытатын бай болса, оған қайырлысамыз да» (//Еңбекшіл қазақ. – 1925. – №263) деген пікірі бірден сын талқысына салынды. Газеттің №269 санында Ү.Б. деген автор «Тісі шыққан балаға шайнап берген ас болмайды» атты жауап мақаласында жоғарыдағы мақаланың әр сөзіне шүйлігіп, 6 пункттен тұратын сын жазады. «Егерде оқығандар коммуншыл болатын болса, қазақ байында саясат жоқ болатын болса, өткен еңбекшілер төңкерісі болып жатқан кезде қазақтың оқығандары «Алаш» партиясын ұйымдастырып, большевизмге неге қарсы шықты. Байда саясат болмаса, большевизмге қарсы «Алаш» партиясына неге жігіт жинап беріп, көмек көрсетті? «Алаш» партиясы сиез шақырғанда ылғи билер, мырзалар, төрелер ғана неге келді, кедейлерді неге сиезге жібермеді? Және қазақтың байлары 21 февраль көтерілісінде неге большевикке қарсы болып, бандыларға қосылды? Бұл нені көрсетеді? Ол – байлардың коммунистке, бейнетқорларға қарсы саясат ұстанғанын көрсетеді. Байдың баласы әкесінің, туысқан ағасының кімге қарсы дұспан болып отырғанын біледі, сонымен тәрбиеленеді. Қысқаша айтқанда, байдың баласы кедейдің баласына ауылда асық ойнағанда зорлық қылып, асығын тартып алады. Бұл сезім оған байдан

пайда болды. Бұл – әкесінен үйренген тәрбиенің алапаты» (//Еңбекшіл қазақ. – 1925. - № 269.) Бұған Т-Б. деген бүркеншік есім иесі «Тісі шықпағанға шайнап бермеске болмайды» деген жауап жазған.

1930 жылдардағы ашаршылық пен жазықсыз қуғын-сүргіннің басты себебі де дәл осы қазақты бай мен кедейге жіктеуден бастау алғаны бәрімізге белгілі. Байлардың малын күштеп тартып алу, өздерін қуғынға ұшырату, коллективизация, соның салдарынан болған ашаршылық, ұлт қайраткерлерінің атылуы, т.б. қасіреттер сондай солақай саясаттың кесірінен орын алған еді. Әрбір сөзінен ұлтжандылықтың лебі есіп тұрған Тайбағар деген автор осы алапаттың келе жатқанын алдын-ала сезгендей сақтандырып-ақ бағады. Бірақ жаңа заманның ығына жығылған ұрда-жық белсенділерде мұның арғы жағын терең салмақтап, ұлттың пайдасын ойлай білетін парасат-пайым жетпеді. Бар ар-маны – өз арасынан «жау» тауып, жоғарыдағыларға жағу болатын. «Бай – жаман, кедей – жақсы» деген біржақты саясат бір ұлттың тамырына балта шапқаны анық. Айдың, күннің аманында ағайын бірге туған бауырдан, ана – баладан, бір елдің игі жақсылары бүкіл мал-мүлкі мен жақындарынан айырылып, тентіреп кетті. Халықтың құт-берекесі қашты. Аман қалғаны «Елім-айлап» жер ауып, өзге елді паналауға мәжбүр болды.

### **Мағжанға шүйліккен кім?**

Жалпы, осы жылдардағы жарияланымдардан Алаш қайраткерлерінің сын садағына мақсатты түрде ілінгендерін байқауға болады. Мәселен, ақындық шеберлігі, сыршылдығы жағынан өз тұтастарының арасындағы шоқтығы биік Мағжанның кітабын түкке алғысыз етіп тастау да коммунистер үшін еш қиындық туғызбады. Тума дарын иесінің шығармасын «Мағжан өлеңінің көбінде өткенді көксейді, ескілікті іздейді, ұлтшылдықты жырлайды, өзімшілдік, менмендікті дәріптейді.

Мағжан өлеңдерінің сырты әдемі. Бірақ сыртқы бояуын сыпырып тастап, ішіне көз жіберсең, Мағжанның коммунист партиясы мен кеңес үкіметінің негізгі жолына қарсы жерлері бадырайып шыға келеді. Мағжанның ұстаған беті, негізгі пікірі – түрік бағын көтеру, түркішілдік (пантюркизм) тарату. Бұл бет – қазақ еңбекшілерін басқа жұрттардың еңбекшілерімен біріктіретін, оңға бастайтын бет емес, ірітетін, теріске бастайтын, төңкеріс жолынан адастыратын бет. «Күншығысым», «Алашым», «Қазағым» деп жырлағанда Мағжан қазақтың байының бұрын билеп-төстегенін, ханның, би-болыстың, жуанның қамын қайғырады. Соларды жырлайды. Солар билік құрсын, солар қазақты теңдікке жеткізеді, көгертеді; қазақтың кедейі, момыны мен байының күні де, күйі де, тілегі де бір. Кедей, бай деп қазақты тапқа бөлудің керегі жоқ дейді. Бұл жол – қазақтың қалың

бұқарасы: кедейі, момын, жарлы, жалшыларына зиянды жол. Қазақ еңбекшілерін өтірік ұлтшылсынып, алдап-арбап қолданам дейтін байдың, байшылдардың жолы. Мұндай бояма жол қазақ еңбекшілерінің ілгері басуына, жаңа туып келе жатқан жас әдебиетінің өркендеуіне кедергі болады, зиян келтіреді», - деп көрінеу қаралаған. Бұл – 1923 жылы Мағжан ақынның белгілі қаламгер және қоғам қайраткері Сұлтанбек Қожановтың алғысөзімен Ташкентте басылып шыққан кітабына Мәскеудегі Күншығыс коммунистер университетіндегі қазақ жастарының «Жерлестік» ұйымының жасаған «сыны». Коммунист жастар Мағжан өлеңдерінің жоғарыдағы «зиянын» айта отырып, төмендегідей ұйғарымға келген:

Мағжан өлеңдеріне сырты әдемі, ұйқасы, тізімі жақсы деп қана қарау, саяси жағын ескермеу, мазмұнын тексермеу зор қате деп білеміз. Саяси жолы теріс, төңкеріске қарсы өлеңдер еңбекшілер әдебиетіне өң бермейді. Бұдан былай жер жүзінің еңбекшілерімен бірге қазақ еңбекшілерін де бастап отырған коммунистер партиясының жолына қарсы Мағжанның «Жұмбақты» өлеңдері газет-журналдар бетіне тексерусіз басылмасын дейміз. Қазақ еңбекшілеріне коммунистер партиясының бағытымен жөн сілтеп, «түзу басшылық» етеді дейтін бірсыпыра коммунист жолдастар (Мағжан кітабының басылуына, таралуына себепші болған жолдастар кіреді) Мағжан өлеңдеріне әдеби сын көзімен қарасын. Әдебиетке көркемдік, сыршылдық, суреттілік кіргізеді деп, жолынан адаспасын. Мына кітапты түсіндірусіз бұл түрде бастырулар қате екендігін еңбекшілер алдында мойнына алсын. Және бұдан былай бұл секілді қате істерден сақтансын дейміз. Мағжанның саяси жолы қазақ еңбекшілеріне зиянды екендігін есімізге алып, біз, Мәскеудегі лениншіл жастар оның өлеңдерінің зиянды жерлерін қазақтың еңбекші жастарына, жалшы, жарлыларына, қырдағы бұқара еңбекшілерге толық түсіндіруді міндетіміз деп білеміз. Басқа жердегі жастарды да осы іске шақырамыз (//Еңбекшіл қазақ. – 1925. №277).

### **Сұлтанбек Қожановтың жауабы**

Осыған орай Мағжанның кітабына алғысөз жазып, жарық көруіне қолдау білдірген белгілі қоғам қайраткері Сұлтанбек Қожанов («Тоқпақ» деген бүркеншік есім иесі) «Менің жауабым» деген мақаласын жазған. Мұнда кінәсын мойындағандай кейіп таныта отырып, коммунистер мен жала жапқыш шолақ белсенділерді де аямай түйреп өтеді: «Бастырған кезімде өзімше дәлелдерім бар еді, бірақ қателікті мойынға алған соң, қайта күйсеп, уәж айтып отыруды орынсыз деп білемін. Сөз болып, қаулы болып, мойынға алынып, қате саналып, былтыр бітіп кеткен сөзді биыл менің оғат сөздерімді тізбектеудің жалпы кампаниясына қосу да онша орынды емес шығар деймін.

Бір жағынан осыны ескеріп, екінші, еңбексіз кәсіп қылып, түк істемей жақсы ат арттырып, басқаға мін тағумен өз басының артықтығын шығарамын деп жүрген саясат базарының қаһармандарының дәмесі далада қалатындығын білдіру үшін мен осы жауапты жазып отырмын. Менің қателерім болған. Мойныма аламын. Басқа сәуегей жолдастардай қисынсыз жерімен бал ашып, жым-жырт жатып-жатып, бірден коммунист болып тұра келген жоқпын» (//Еңбекшіл қазақ. – 1925. №283).

Сұлтанбектің осы өктем жауабынан-ақ өршіл рухты, ұстаным беріктігін байқауға болады.

Дәл осы «қаралаудан» кейін-ақ Мағжан ақынның басына қара бұлт үйіріле бастаған. Кітабының барлық даналарын құртып-жойып, өзін қудалауға ұшыратқан. Мәскеуде жан сауғалауға мәжбүр болған. Ол жақтан да тыныш таптырмай, ақыры 10 жылға түрмеге айдатып тынған.

Осылайша, Совет Одағы орнап, нығаяуға бет алысымен-ақ жас коммунистер Алаш қайраткерлерінің «жау бейнесін» қолдан жасап, қисынсыз жала жабу арқылы өткенге топырақ шашқан. Газеттегі әрбір мақалада қисыны келсін-келмесін алашордашыларды қағыту, «тисе – терекке, тимесе – бұтаққа» деп дұрыс сөздерін бұрысқа шығару «дәстүрге» айналған. Бұл кездегі ұлт зиялыларының кейпі – тірі тышқандар құлағында ойнаған «өлі арыстанмен» бірдей еді. Бірақ олар ұсынған тәуелсіздік идеясы, ұлттың мәңгілік мұраттары өлген жоқ. Аханьның «Ел бүгіншіл, біздікі ертеңгі үшін» атты ұстанымы шындыққа айналды. Олардың құнды мұраларының тәуелсіздігімізді баянды етудегі, ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеудегі маңызы өлшеусіз.

### **Оқыған қазаққа ор қазды**

Алаш қайраткерлерінің халықтың рухани дүниесін кемелдендіретін осындай шығармаларына тыйым салынғанмен, кеңес саясаты көздеген әдебиет әлі дүниеге келген жоқ болатын. Ол қандай болу керек деген мәселе жаңа талқыланып, сөз жүзінде ғана айтылып жүрген. Сондықтан осы жылдардағы баспасөзде әдеби шығармалар жоқтың қасы. Оның есесіне білім беру, шаруашылық, әліпби өзгерту, қазақ тілінің қолданыс аясы, әйел тендігі мәселелері күн құрғатпай жазылып отырды. Яғни өткенді мансұқтағанмен, оның орнын жаңамен толтырарлық қауқар жоқ еді. Бірақ коммунистер оған бас қатырып жатпады. Олардың бар ойлағандары – ішкі «жауларды», яғни оқыған қазақтардың түбіне жетіп тыну болатын. Сәбит Мұқанов «Партияны тазартудың алдында» атты мақаласында былай дейді: «Қазақстанда тазарту мәселесі – өте ауыр мәселе, өте шеберлік тілейтін мәселе. Өзге ұлттарға қарағанда қазақтың коммунистері үркердей-ақ. Саясаттың дауылы басымыздан аз өтіп, тар ұлтшылдық ауруынан жаңа ғана біртіндеп шығып келе

жатқан жайымыз бар. Қайбіреуіміз екіжүзділік, жалтақтық, қорғаншақтық, жағымпаздық дегеннен әлі де шыға алмай, ішіміз бен сыртымызды екі түрлі қылып та жүрміз. Мұндай мінездер оқығандарымыздың жағынан шығады.

Қазақстан коммунистерін екі жікке бөлуге болады: біреуі – оқығаннан шыққандар, біреуі – елдің коммунистері, кедейлердің азын-аулақ оқыған балалары.

Әйткенмен сырттын жылтыратып, ішін баяғы қалпымен сақтап жүргендер аз емес. Бұл араны жете қарап, кімнің адал, кімнің арам коммунист екенін байқап, оларды електен оңдап сүзуге болады. Та- зарту комиссиясының қатты ескеретін бір жұмысы – осы» (//Еңбекші қазақ. – 1925. - №290).

Әттең, әкесін баласына, ағасын інісіне жау санаттырған кеңес өкіметінің қитұрқы саясатына лағнет айтпасқа лаж жоқ. Әйтпесе Сәбиттің өз ұлтының ардақтыларының, жанашырларының қадіріне жетер парасат-пайымы болмады деп кім айта алар?! Алдыңғы толқын ағаларын жау деп атағанда, өздерінің билікке жағып, бақытқа бөленгені қайсы?! Отаршылдар жалпы қазақ оқығандарынан, көзі ашықтардан құтылуды мақсат тұтқаны жасырын емес. Басқаны былай қойғанда, Құнанбайды бай болған соң жау етіп көрсету арқылы ғана ұлы Абайдың әдеби бейнесін сомдауға мүмкіндік берілген жоқ па?

### **Күнге мен көлеңке**

Дегенмен, елімізде үстемдік еткен кеңес өкіметінің пайдалы жақтарын да айтпай кетуге болмайды. Білім беру мен мәдениетке зор көңіл бөлінді. Жер-жерде, әрбір ауылдарда оқу ісі жолға қойылды, мәдениет үйлері ашылды, баспасөз кең тарады. Халық сауатын ашты, бірақ өткенінен безінді, тілі мен салт-дәстүрін ұмытты, ұлттық санасы лайланды. Қазақ жазушыларының том-том кітаптары жарық көрді. Кеңес өкіметі жаңа қоғам орнатудағы әдебиет пен баспасөздің мықты идеология құралы екенін жақсы білді. «Еңбекші қақтың» әрбір санында дерлік баспасөздің маңызы мен оны күшейтудің жолдары, оған жазушыларды көптеп тарту мәселелері, оны жұртшылыққа жеткізу жағы талқыланып отырды.

Баспасөзде жиі көтерілген өзекті мәселелердің үлкені – оқу жайы екенін айттық. Соның мысалы ретінде газеттің №295 санында жарияланған «Халық ағарту мәселелері» атты мақаладан үзінді келтірсек: «Халық ағарту комиссариатының міндетінде тұрған өзге үш үлкен жұмыс бар. Оның бірі – мектептердің үйлерін жөндеу; екіншісі – оқуға керек құралдар табу; үшіншісі – мектепте қай тілде оқытылатындықты белгілеу.

Алғашқы мәселе – біздің қазіргі ең ауыр, ең қиын мәселеміз. Осы күні ел ішінде мектепке деген айрықша үй жоқ. Балалар жерде отырып, жерде жа-

зады. Әйнектің шынысы жоқ, есіктің тақтайы жоқ, жағатын дұрыс пеші жоқ. Бүйтіп көрінген қазақтың шым үйін мектеп қыла берсек, әрине, біз халық ағарту жұмысында ілгері кете алмаймыз. Мектепте тәрбие берудің орнына, біз одан балалардың көбін ауру қылып шығаруымыз мүмкін. Сондықтан бұл жұмыс – біздің өте ескеретін мәселеміздің бірі».

Бұл көңілсіз көрініс қазақтың кез келген мектебіне тән еді. Ең сорақысы – мақала авторының: «Бұл мәселе талқыға түсіп, бір пікірге қойылғанша біздің әзірге айтатынымыз мынау: қазақша тіл бастауыш мектепте ғана болсын. Онда да сабақтың кем деген- де төрттің бірі орыс тілі болсын. Орта дәрежелі, одан ілгері мектептердің бәрінде орысша оқытылсын. Мұнсыз қазақ балалары жөнді білім ала алмайды. Орысша тілмен оқығандықтан қазақ орыс болып және кетпейді. Бұл туралы өткен тәжірибеміз үлкен өнеге» деген тұжырымы.

Бұл ұстаным айна-қатесіз жүзеге асты да. Орысша оқыған баланың өз ұлтына жат, өзге дүниетанымды сіңіретіндігіне осы жылдар ішінде көз жетті. Ұлттың жаны – тіл екендігі айтпаса да түсінікті. Осы орайда, Алаш қайраткерлерінің тар заманның өзінде қазақ балаларына арнап ана тілінде оқулықтар жазғаны еске түседі. Олар сол саланың нағыз білгірі болма- са да, қазақ балаларын төл мәдениеттен ажырат- пау үшін сондай жанкештілікке барды. Осы орайда, Қыр баласы, яғни Әлихан Бөкейханов Файзолла Ғалымжанұлы деген автордың шет тілінен қазақшаға аударылған геология саласы бойынша кітапшасына сын пікірін білдірген. Оған ұнамағаны – кітап мағынасы мен сөздерінің қазақтың ұғым-танымына бейімделмей аударылғаны. Алаш ардақтысы аудармашының қазақ тілінде баламасы бар сөздерді біле тұра орысша нұсқасын алғанына қынжылыс білдіреді: «Жерді ағаш үйдің еденімен салыстырған, діңгекті «колонна» деп, ескерткіш тасты «памятник» деп орысшалап қойып, қазаққа ұқтырмақ болады... Гейкіге еріп кетіп, Британ аралын жазады. Қазақ жері жетпеді ме екен? «Ешбір мануфактура көргенім жоқ» деп келеді. Бұл қазаққа қанша ұғымды? «Біз қаладан шығып» деп, Гейкіге еріп, Файзолла келеді. Қай қазақ қаладан шығып еді? Ауылдан шықса не қылады? «Қаладан шыққанда балшық, құм қазатын, теміржол түзетін жер қазып жатқан адамдарға кез боламыз». Балшық, құм жер қазбай-ақ өзектің, өзеннің, апанның жар қабағынан табылмай ма екен?» (// Еңбекші қазақ. – 1925. №289). Бұл сын – автордың қазақ оқырмандарына жанашырлығынан туған пікірі. Аударманың өзін түпнұсқа қуалап кетпей, төл танымымызға жақындатып пайдалану керектігін ескертеді. Сөз арасында Әлихан: «Бар өмірді бір ғана білім жолына құрбан қылмай, білімпаз шықпайды. Оп-оңай бола қалған білімпаз – шаладай бықсып тұрады, үйді түтін қылады» деген ой түбінде жатқан асыл сөзін

жазады. Осының қарымтасы болса керек, газеттің келесі сандарының бірінде Бекенұлы деген автор Қыр баласының Л.Н. Толстойдан аударған «Қажы-Мұрат» деген әңгіме кітабын сын садағына алады. Онда аударма тілінің күрделілігі айтылып, орысшадан тікелей аударылған жекелеген сөйлемдер бірқыдыру әңгіме болған.

Мақсатты түрдегі ашық қаралау, қудалауға қарамастан қазақ оқығандары ұлттың қамын күйттеуден, сөзін сөйлеуден бір танбады. Отаршылдық пиғылмен табанды түрде күрес жүргізе берді. Мәселен, Міржақып Дулатов «Қазақ тілін жүргізетін комиссияның құлағына алтын сырға» атты мақаласында «кеңсе істерін қазақша жүргізу керек» деген талаптың іс жүзінде орындалмай, бұл салада түрлі көзбояушылықтардың орын алып отырғанын батыл сынады. Оның растығын дәлелдеу үшін ішкі істер комиссариатының қазақша жазылғанмен, ешкім түсінбейтін бір жарлығын ба- дырайтып тұрып газетке басады (//Еңбекші қазақ. – 1925. - № 364).

«Қазақ жаманы сарт боламын дейді» атты тағы бір мақаласында автор қазақ жастары бойындағы өз ұлтынан жерушілікті, көзсіз еліктеушілікті аямай сынады: «Бұлар орыспен, орыс төрелерімен сөйлескенде өзінің қазақ екенін сездірмеске тырысатын. Реті келгенде (кейде тіпті реті келмей де) қазаққа жаны түк ашымайтынын, қазақ туралы ойы, пікірі орыспен бір екенін көрсетіп қалатын. Соны көрсетіп қалу үшін орысқа қазақтың бөркін берудің орнына басын да алып беретін. Сондай қылықтарымен өзінің орыстың бел баласынан кем емес екенін ыспаттайтын. Орыс төрелерімен мәжілістес болғанда қазақ туралы сөз болып, сөз арасында орыс оған «сені қазақ деуге болмайды ғой» десе, мәз болып қалатын. Өзіндей қазақ төрелерімен сөйлескенде қазақша бір ауыз сөз қатыстырмай, орысша сөйлесетін. Арасында бірден-саран қазақша сөйлеген кісі болса, оның кейбір сөздеріне түсінбей қалған болып, оны бірінен бірі сұрап, ақырында ондай жат (қазақша) сөздің мағанасын біреуі де (айтушының өзі де) түсінбейтін болып шығатын. Мұндай қалып төңкерістен бұрын бар еді, әлі де бар» (//Еңбекшіл қазақ. – 1925. - № 263).

Шыны керек, қолымызды жүрегімізге қойып айтар болсақ, Міржақыптың сол кезде айтқан сынын оқып біткенше, өз өмірімде көз алдымнан өткен талай көріністер қайта елестеді. Әттең, ұлттық намысқа тиетін, ана тілімізді қорлайтын сол кеселге бір ғасырға жуық уақыт өтсе де әлі күнге ем қонбағанына ішіміз удай ашып, өкініштен өзегіміз өртенеді.

Қазақстан атауын «Қазақ елі» деп ауыстыру туралы идея алғаш қоғам қайраткері Нәзір Төреқұловтың аузынан шыққанына куә болдық. Ол былай дейді: «Республиканың аты әрбір кедейге, әрбір қойшыға түсінікті болуы



керек. Қазақ, «Қазақ елі», Қазақ Республикасы деу Қазақстан деуден гөрі қазақ тіліне ұнамды. Қазаққа парсының (қызылбастың) «станын» тағып, Қазақстан жасауда ешбір «сауап» көрмейміз» (//Еңбекші қазақ. – 1925. - № 367).

### **Жабылған жала, жағылған күйе**

Ұлт болашағын ойлаған қайраткерлер қазіргі күні де өзектілігін жоймаған осындай өміршең пікірлерімен де жадымыздан өшпек емес. Кеңестік билік ұлт қайраткерлерінің санасын қанша бұғаулауға тырысса да, олар реті келген жерде азат ой, еркін пікірден тартынып қалмады. Кеңес өкіметінің алып машинасы еркін шығармашылық иелерін «Біз тапты қоғамбыз. Тапты қоғамда тап тілегіне бағынбайтын әдебиет болмайды. Тапты қоғамда әдебиет – тап тартысының қолшоқпары. Тапты қоғамда әр таптың өз тілегін үстемдетуге тырысатын, сойылын соғатын жазушылары, ақындары болу керек» деген тар талап шеңберіне қамап ұстағысы келді. Оған бағынғысы келмейтін Жүсіпбек Аймауытов сынды өз бет-бейнесі, сүрлеуі бар, біртуар қалам иесін қаралауда алдарына жан салмады. Әбдірахман Байділдин «Көркем әдебиет туралы» (Жүсіпбек, Жәкен, Тікендерге жауап ретінде) атты газеттің бірнеше санына қатар басылған көлемді мақаласында былай дейді: «Мұндай жазушыларымыз бен ақындарымыздың белгілісі, «беті бары» Жүсіпбек деуге болады. Жоғарыда көрсетілген қазақтың қарашаруа орташаларының құбылмалы мінезі өзгеден гөрі Жүсіпбекте күшті. Жүсіпбектің мақалалары, әңгімелері, өлеңдері, аумалы мінез, тұрлаусыздықтың түзу айнасы. Жүсіпбекте табандылық кем. Кейде шын, кейде жалған жолбикелік қылатын, бағытын белгілеп, жолын анықтай алмаған табансыз жазушыларымыз бен ақындарымыздың қосағасы – Жүсіпбек.

Бірақ заман талабымен әділетсіз жағылған күйе шын асылдың құнын кетірмейтінін уақыттың өзі дәлелдеді. Десе де, бұл жерде кеңес саясатына шын берілген, соған сенген азаматтарды біржақты күстәналау қиын. Өйткені олар да заман талабына сай адал қызметімен көрінгісі келді, өз қал-қадерінше халықты ағарту, тәрбиелеу ісіне үлестерін қосты. Дей тұрғанмен, әркімді сіңірген еңбегіне қарай бағалайтын, орнын белгілейтін төреші – тек қана уақыт екеніне көзіміз жетті.

Бұдан бөлек осы жылдары латын әліпбиіне қатысты даулы мақалаларға орын берілді. Төте жазуды қолдағандардың қарсылығына қарамастан Нәзір Төреқұлов бастаған латыншылдар тобының жеңіске жетіп, қоғам сол әліпбиге көшуге бейімделе бастағаны анық байқалады. Оны оқып-үйренудегі жеңілдік басты дәлел ретінде алға тартылды. Ол кеңестік билік үшін де өте тиімді болды. Себебі, осыған дейінгі араб әліпбиімен жарық көрген азды-

көпті әдеби шығармалар, қазақ халқын тәуелсіздікке үндеген баспасөз жарияланымдары өзінен-өзі-ақ оқылмай қалды.

### **Әйелдер басындағы мәселе**

Сол жылдардағы «Еңбекші қазақ» газетінің бетінен анда-санда әйел теңдігі мәселесі қылаң береді. Мәғи-Сара және Назипа Құлжанова сынды әйел журналистер осы тақырыпқа қалам сілтеген. «Оқу-білім жолында» атты мақалада әйелдер басындағы мәселе былайша суреттеледі: «Алғашқыда, бостандық дегенде соттың босағасын босатпай, бір байдан шығып, екінші, үшінші, төртінші біреулерге тию деп ұғынғандықтан өзіне де, өзге елге үлгілі іс көрсете алған жоқ. Бұл ретте қазақ әйелін «сен бостандықты қисық әкеттің» деп айыптауға да болмайды. Қалыңмалға сатылып, қатын үстіне барып, өзінің еркін, тілегін жойған надан қырдың әйелі бостандықтың маңызын қайдан ұқсын? Жас кезінен төрт аяқты малға айырбасталып, сүймейтін күйеуінің текпісі, қамшысы арқасында сорлы болып, өмірін күндікте өткізіп келе жатқан әйелге қорлық, текпі көретін тұрмыстан құтылуға жалғыз-ақ бостандық, декреттердің жариялануы жол көрсетті. Қалыңмалдың құралы болып, надандықтың айдауына көнген қазақ әйелі бұл күнде де сары далада те-зек теріп жүріп, зарлы өлеңді ән айтып, көз жасын ағызумен жүрегіндегі қайғысын сыртқа шығарып, күні өтіп келеді. Тек соңғы бір-екі жылдан бері қазақ әйелдерінің қалаларға оқуға келіп, әйелдер бөлімінің жұмысымен танысып, ұйымдарда жүргендерін көремін. Оқушы әйелдердің саны жылдан жылға көбейіп келуді». Осы тақырыпқа қалам тартқан Назипа да: «Ашып айтқанда, біздің әйелдің алдындағы алысатын жауы – өнерсіздік, оқымағандық, малға сатылу, күң есебінде тіршілік ету» деп баса көрсетеді. Сонымен қатар бұл тақырып әдеби шығармаларға да өзек болғанын байқаймыз. Мяр деген автордың «Жәкеңе қиын болды» атты оқшау сөзінде бұрын ел билеген беделді адамның әмеңгерлікпен өз ағайынының әйелін алғаны үшін сотталғаны баяндалады. Мұнда байлардың қудалануы, әйелдердің теңдікке ұмтылу мәселесі жеңіл юмор, әзіл-қалжың арқылы өтімді берілген.

Қорыта айтқанда, жиырмамыншы жылдардың екінші жартысына қарай баспасөз бетінен жаңа қоғам орнату жолындағы екпінді еңбек те, өткеннің бәріне топырақ шашып, орынсыз қаралау сынды жағымсыз әдеттер де кең-молынан көрініс тапты. Қазақ қоғамында өмірі болмаған, болса да басқа мәнге ие «тап жігі» атты ұғымды күштеп енгізу арқылы халықтың бірлігін ыдырату саясаты кең етек алды. Байларды мал-мүлкімен бірге түп-тамырымен құртып-жою, алдындағы малымен ғана кең жайлап күн көріп отырған қазақ халқын күштеп отырықшылыққа айналдыру, егін егуге жұмылдыру саясатының қандай орын толмас нәубет, ашаршылыққа алып

келгені баршамызға аян. Өкінішке орай, дәл осылай боларын біліп, алдынала дабыл қаққан ұлт қайраткерлерінің үні де күштеп өшірілген еді.

**Намазалы Омашұлы,** Журналистика мәселелерін зерттеу институтының директоры